

«Сейфуллин оқулары – 16: Жаңа формациядағы жастар ғылыми – Қазақстанның болашағы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 16: Молодежная наука новой формации – будущее Казахстана». - 2020. - Т.І, Ч.3 - С.55-58

## **БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕГІ ИНТЕРЬЕР ТҮСТЕРІНІҢ ҮЙЛЕСІМДІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

*Есетова Д.А*

Барлық түс адамның көңіл күйіне, оның ойына, санасына, денсаулығына, тіпті толық организміне әсер етеді. Түстердің бірі адамдардың эмоциясының жайлы жағына әсер етеді, яғни олардың жұмысқа деген ынтасын арттырады, денсаулықтарын жақсартады, нерв жүйесін тыныштандырады, ал басқалары олардың психофизиологиялық жағдайына кері әсер етеді, еңбектегі өнімділіктерін кемітеді, ашуланшақтық пайда болады, тыныштығы бұзылады, жүйкесі жұқарып, меланхолия байқалады.

Түстер біздің кеңістікті қабылдауымызға да ықпал етеді. Бір бөлменің, оның ішіне берілген интерьерлік қалыптастырудың барысындағы түстердің әсерінен үлкен, болмаса кіші, кең немесе тар, жарық болмаса қараңғылау, ұзын не қысқа болып өзгертіні белгілі. Сондықтан да дизайнер кез келген интерьерді жобалау барысында түстерді дұрыс таңдауы керек, бұл таңдалған түстер жобаның жалпы концепциясына дұрыс енгізілуі тиіс, сонымен қатар адамның психикасы мен денсаулығына да жақсы жағынан ықпал етуі қажет [1,136б.].

Қоғамдық интерьерге қатысты түстерді таңдау мәселесі ерекше орын алады. Мысалы, ауруханалар ғимараттарында аурулардың ортасындағы түстер (төсек жабдықтары, дәрігерлер киімі, перделер, қабырғалар, еден,төбе) жасыл түс және оның білінер білінбес бояулары қолданылады. Бұл аурулардың қара түстен берілетін ауырлық, шаршау сияқты қысымға түспеуін, ал керісінше ашық түстердің жеңілдік, тыныштық, жанға жайлылық әкелері белгілі. Ашық түстер дертіне шипа, көзіне қуаныш әкеліп, өмірге деген құлшыныстарын арттырады. Қуанышқа толтырады, көңілдерін көтереді [2,119б.].

Дизайнер интерьер жасалу барысында адамдардың жасына да мән беруі керек. Білім беру мекемелерінің интерьерін жобалауда өздерінің нақты ережелері бар, олардың бірі балалардың түстерді қабылдауының спецификасымен байланысты және түстердің психофизиологиялық жағдайына әсері. Бұны мектепке дейінгі педагогика өкілдері Фребель Ф, Монтессори М, Тихеева Е.И. жақсы білген, баланың түстерді қабылдау қабілеттіктеріне аса мән беріп, қадағалау қажеттілігін атап өткен, сонымен қатар психологтар мен дәрігерлер де осы қағидаларға көңіл бөліп отырған. Педагог - ғалым Клавдия Ащеулова баланың бойында жас кезінен бастап қандай да бір түске деген қызығушылығы болатынын байқаған. [3,86б.]. Мектепке дейінгі мекемелерді зертеуші институтының педагогтары мен психологтары А.В.Запорожец, А.П.Усова, Н.П.Сакулина балалардың түстерді қабылдау мәселесі бойынша жүргізген ғылыми жұмыстарын сараптау барысында белгілі болғаны ол, балалардың

түстерді қабылдауын дамыту – күрделі процесс, бұл жерде эталон қоғамымен даярланған негізгі түстерді қабылдауы жөнінде айтылып отыр (спектордың жеті түрі, ақ және қара түстер). Кез келген түсті жеті түсті спектордың біреуінің реңі деп анықтауға болады (қою қызыл), немесе олардың өзара араластырыуының нәтижесі (сарғыш-жасыл), болмаса ақ пен қараның араластырылуы (сұр).

Барлық жоғарыда баяндалған тексерулердің негізінде түсінгеніміз, қоршаған ортада балалар біріншіден нені көреді, соны қабылдайды – бұл әрине, түс. Иә, дәл солай, түстердің өзара үйлесімділігі бар ортада баланың мінезі де жақсы қалыптасады, оның организміне ықпал етеді, рухани әлемін қамтиды, фантазиясын көтереді, дамытады, ақпараттарды жақсы қабылдауына әсер етеді, «өзіндік» түске деген мәдениетін қалыптастыруға бағыт береді. Педагогтар, ата-аналар, дизайнерлер тарапынан балалардың түстерден алатын білімділігіне мән бермегендігінен және балаларға жақсы жағынан ықпал етілмегендігінен осының салдарынан баланың оқуға деген ниетінің нашарлауы, бейнелеу өнерінен алшақ болуы, эмоциялық жағдайының төмендеуі, организмнің ойлау жүйесі мен физикалық күш қуатының азаюына әкеліп соғады. Түс зертеушілерінің еңбектерінен байқағанымыз, жалпы түстердің әсерінен адамдар шаршайды, жанының жадырауына кедергі болады, организмнің жалпы жағдайын нашарлатуға мүмкіндіктері бар екенін түсінеміз [4,656.]. Міне, осындай жағдайға жол бермеу үшін баланың қоршаған ортасын дұрыс жасақтау керек, яғни баланың уақытының басым бөлігі өтетін бөлмелердің мысалы, оқитын, шығармашылықпен және спортпен айналысатын орындарды дұрыс ұйымдастыру қажет. Баланы қоршаған ортаданың дұрыс жабдықталуы балаға қуаныш сезімін әкеледі, осындай ортада бала өзін еркін сезінеді.

Осылайша білім беру мекемелерінің интерьерлерін жобалауда дизайнерлер балалардың физиологиясы мен психологиясын өте жақсы білуі мен сезінуі керек.

Балалардың түстерді қабылдауы олардың психикалық процесстерінің ағымымен, олардың организмдерінің ерекшеліктерімен, қыз бала, ұл бала деген айырмашылығымен тығыз байланысты. Балалар кішкентай кезінде төрт түрлі түсті ажырата алады, (қызыл, көк, жасыл, сары), бірақ олардың реңін ойлана бермейді. Көзін ашып, айналасына қызыға қарайтын кезден ақ балалардың жарқыраған, әдемі, әр түсті заттарға қызығушылығы байқалады. Түрлі түсті, қанық түстер балалардың көңілін көтереді, эмоциясын жақсартады, организмдерінің ойлау және физикалық жұмыс барысына оң ықпал етеді, әдемі затқа деген құлшынысын арттырады. Алайда балалардың дамуына түрлі-түсті жарқын түстер ғана емес, олардың әртүрлі реңдерінің де ықпалы қажет [5,976.].

Бала екі жасқа толар шағында көзбен әр заттың түсіне қарай ажырата алғанымен, олардың мүмкіндік реңіне назар аударулары нашарлау болады.

3-4 жаста олардың түске деген көз қарастары тұрақты болмайды. Ол кезде олар заттың түріне емес, кескініне мән бере қарайды. Бала заттың түсіне егер, зат ашық, бояулары үйлескен, болмаса тартымды болса назар аударады. Бұл кезде балаларға басқа да заттардың түсімен, реңімен таныстырған дұрыс, олардың өсе келе мектепке дейінгі жастарында «заттық түс» сипаты қалыптасып қалмауы үшін (аспан-көк, шөп-жасыл, күн-сары). Қоршаған ортада негізгі түстер ғана белгілі болмау керек, қосымша түстерге де назар бөлу шарт (қызғылт, көгілдір, қызғылт

сары т.б. немесе ахроматикалық түстер (сұр), бұлар баланың санасына қалыптаса береді. Болашақта балалар түстерді дұрыс ажыратып, айта білетін болады, заттарға дұрыс сипаттама бере алады.

Мектепке дейінгі жасқа келгенде бала сәби кездегі қалыптасқанмен енді түсті қабылдаудың әрекетіне ие болады. Ол негізгі түстерді қабылдайды, анағұрлым күрделілеу түстерді біліп, үйрене бастайды. Алайда, бала әр-түрлі реңнің қандай негізгі түске жататынын дұрыс ажырата алмайды. Мысалы, қызыл-сары рең баланы ойландырады, қиналады, қай негізгі түске қатысты екеніне басы қатады мысалы, қызыл болмаса сары түс пе деп.

Мектепке дейінгі жаста балалар түстерге риза болады. Оларға түстер эстетикалық ләззәт береді. Бала бұл жаста қандай түстер оған ұнайды, қандай түс ұнамайды, қайсысы «әдемі», қайсысы «әдемі емес». Суретші В.С. Мухина, балалардың мектепке дейінгі жастағы кездерінде «әдемі» деп қабылдайтындары ашық таза бояулар екенін сараптаған. Басымдық сары, қызыл, қызыл сары және сары жасыл түстерде екен. Балалардың көз қарасындағы «әдемі емес» түстер олар, күңгірт түстер, (қара, қою көк, қара қоңыр).

Мектепке дейінгі жастағы балалар түстерді бір нәрсені жеткізу барысында қолданады, (ашық түстер оларға ұнайды, жақсы көреді). Балалардың осылайша түстерді қабылдау ерекшеліктерін есепке ала отырып, педагогтар мен дизайнерлер балаларды қоршаған ортаны ашық, әдемі, қанық түстермен байланыстырған жөн сонымен қатар, әр түрлі заттардың үйлесімді түстерімен ыңғайластырып, жеңілдік, қуаныш, көңілділік, еркіндікті сезінетіндей жағдай жасауды жүзеге асырғандары дұрыс. Күңгірт түстерді қолданбау керек, олар балалардың психикасына және эмоциялық жағдайына кері әсер береді.

Мектепте бастауыш жасында (6-10 жас) балалар анағұрлым белсенді, импульсивті болады, себебі ми қызметінің жетілуінен, аналитикалық-сезіну қызметінің дамуынан, түстерді анықтауға қатысты процесстері өзгереді. Мектепке барып, бастауыш сыныпта сабақ ала бастағанда ойын баласының төменгі мектеп оқушысы ретінде байқағанымызда, балада негізгі психиялық жаңадан құрастыру басталады. Бастауыш балалары қоршаған ортаны бөлшектеп, қызықтап қарап, қабылдай бастайды. Бұл этапта қабылдауды дамыту өте жақсы дамығанымен, алайда нақты емес және жанама түрде өтеді. Бастапқы нысандарды қабылдауда дифференциялық қателіктер мен нақты еместікке жол береді, яғни оқушылар қабылдау кезінде осындай сипаттама жасайды.

Бұл жастағы балалар түстерді дұрыс атап, оларды ажыратады, кескінін, заттың көлемін, олардың кеңістіктегі орнын анықтай алады. Алайда, ең негізгіні, мағыналыны қабылдамайды, яғни не ашық, не үйлесімді болып тұр басқаларының қасында соны таңдайды (түс, көлем, кескін). Түстерді қабылдауда реңдерді анық айыру мен түстерді дұрыс араластыруы нақты болады. Негізгі ерекшелік – қабылдаудағы ашық та анық эмоциялық көңілдің қабылдануы.

Балалықтан жасөспірімдік жасқа өткенде (11-14 жас) жасөспірімдерде өмірге деген құлшыныс пен организмнің барлығында толық қайта құру процесі байқалады. Түстерді сезінулерінде анықтылық біліне бастайды, кейде олар өте нәзіктік пен тереңдікте көрінсе, кейде өзінің жоғарғы талабымен таң қалдырады. Жасөспірімдерде аса жоғары ашуланшақтық та белгі береді. Олар қоршаған

ортадан қабылдағандарын оқу материалдарымен бір ретке байланыстыра алмайды. Сондықтан да интерьерлерде оқушылардың назарына кері ықпал ететін түстерді қолданбау керек, олардың орнына ми жұмыстарын жақсартатын, оң эмоцияға шақыратын түстерді, жүйке жүйесін тыныштандыратын жайлы ортаны жасау қажет. Бұл жастағы балалар түстерді нақты қабылдайды, реңдерді анық табады.

Жоғарғы мектеп жасында (15-18 жас) оқушылар өзінің дұрыс екендігіне көз жеткізуге, өзінің жеке тұлға екендігін көрсетуге ұмтылады, болашақ туралы белсенді ой қозғайды. Өмірді қабылдауларында байқайтынымыз мақсатты бағытты ұстанулары, әр нәрсеге назар салулары, есіне сақтау қабілеттіліктерінің дамуы, бір бірімен өзара жоғарғы деңгейде пікірлесулерінде және де түстер мен заттың кескіндерін еш қатесіз анық айтады.

Білім беру мекемелерінде интерьерлердің түстері бөлмелердің қызметтік бағытына орай таңдалады, жарықтық қалай түсіп тұрғанынан, сонымен қатар балалардың жас айырмашылығына қарай. Бала бақшалардың қабырғаларының түстерін басым жағдайда пастельді түспен, ал перделер мен жиһаздардың түстерін ашық, қанық етіп бояйды. Жоғарғы топтағы белсенді балалар үшін ашық, жарқын, жылы жасыл түстер қолданылады, бұл түстер аса белсенді, энергиясы мол балаларды тыныштандырады. Негізгі жайлардың терезелері, балалардың ұзақ уақыт болатын орындары (ойын және ұйықтайтын бөлмелер) солтүстік, солтүстік батыс немесе солтүстік шығысқа шығатын болса, бұл жайларға жылы түстер қажет, себебі суық түстерден «суықтық» және «жат жер» сияқты жайсыз ықпал болады[6, 17 б].

Оқу мекемелерінде түстерді таңдау жайдың қызметтік тағайындалуына байланысты және оқушылардың жас ерекшеліктеріне орай таңдалады,

Оқу мекемесінің вестибюлінде, дәлізінде, баспалдақ орындарында суық түстер қолданылады, (ашық көк, көгілдір, жасыл), бұл түстер сонымен қатар көздің дем алуына ықпал етеді, дем алыстарын жақсартады, жүрек қағыстарын тұрақтандырады, көп ойлау жұмысынан соң тыныштандыруға септігін тигізеді. Вестибюлдің түстік гаммасына ашық, жылы акценттерді енгізеді, (қабырғаны әдемілеу, ақпараттық стенддары, жазулар, суреттер ж.т.б), бұл соншалықты салқындықпен ызғардан шығудың жолы.

Оқу мекемелерінің асханаларында жылы, ашық, шырынды түстер қолданылады (қызыл сары, қызыл, сары, жасыл), бұл реңдер асқазанның жұмысын жақсартады, адамның қарнының ашқандығына әсер береді.

Ал буфеттерде суық түстерді пайдаланады, «аш» адамдардың үлкен легінің болмауына жасалған, себебі буфет қызметкері оларға қызмет жасап үлгермейді. Спорт залдарды ашық, жылы реңдермен жайластырған дұрыс (сары, қызыл сары) жасыл реңнің үйлесімін қоса жасаған дұрыс. Қызыл - сары түс балалардың жеңіл ғана киінген спорттық киімдерімен тұрғандарында белсенділік пен жылулық беріп тұрады. Ал жасыл түстер қобалжуларын басады, бұлшық еттерін нығайтады, құлаған жағдайда да ауырғанын жеңілдетеді. Сыныптағы қабырғаның түстері балалардың жасына байланысты: кіші бастауыш балаларына – бежевый, кремовый, ашық-охристы, персик түстері, олар үйдің атмосферасын береді, ойлау қызметтеріне жақсы әсер етеді; орта сынып оқушылары үшін – жасылтым-сары,

ашық-жасыл; жоғарғы сынып оқушылары үшін – салқындау ашық түстер, жылыда қанық акценттерімен. Бұндай реңдердің үйлесімділігі оқушылардың эмоциялық жағдайларын көтереді. Ал интерьердегі тек қана суық түстер көңіл күйдің түсуін және құлықсыздық жағдайға тартары белгілі. Оқу орындарындағы жиһаздардың түстері де қабырғаларымен контрастты болмауы керек, оқушылардың назарын аудармауы шарт. Мектеп тақтасының ең дұрыс таңдалынуы, оның жасыл түсте болуы, бұл түс көздің жүйкелік қысымын түсіреді, организмнің де шаршағанын басады.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, мынандай шешім жасауға болады, қандай да бір білім беру мекемесінің интерьерін жобалау барысында дизайнер оқушылардың жасын есепке алуы керек, олардың психологиялық және психофизиологиялық ерекшеліктеріне мән беруі керек, адамдардың ашық және күңгірт түстерді қабылдауларындағы ерекшеліктерге мән берілуі тиіс, жобаланатын жайдың қызметтік бағытын білген дұрыс, жайға жарықтың түсу бағыттарын қарастырған жөн (терезелер қай жағынан қандай бағыттан жарық беретіндігіне).

#### Әдебиеттер тізімі

1. Буймистру, Т. А. Колористика: цвет – ключ к красоте и гармонии. –М.: Издательство Ниола-Пресс, 2010. – 236 с.
2. Никуленкова Т. Т., Лавриненко Ю. И., Ястина Г.М. Проектирование предприятий общественного питания. –М.: Колос, 2000. – 216 с.
3. Гилл Марта, Гармония цвета. Естественные цвета. –М.: АСТ: Астрель, 2006. – 108 с.
4. Итген Иохане, Искусство цвета. –М: Издатель Д. Аронов, 2000. – 120 с.
5. Саттон Т., Вилен Б., Гармония цвета. Полное руководство по созданию цветowych комбинаций. –М.: АСТ: Астрель, 2004. – 215 с.
6. Байконырова А.Т. Системное окружение цветовой среды интерьера.// Научный журнал «Вестник КазГАСА» - 2015 № 3. – 243 с.
7. Oldewurtel, F.a , Parisio, A.b , Jones, C.N.c , Gyalistras, D.a , Gwerder, M.d , Stauch, V.e , Lehmann, B.f , Morari, M.a. Use of model predictive control and weather forecasts for energy efficient building climate control ,Energy and buildings , February 2012